

нимет полк, а мы только с дыры этой каменной выползем. В лапшу искрошат.» (А.Иванов. Вечный зов) В подобных случаях содержание вопросительных предложений, выражая отношение пишущего (говорящего) к содержанию речи, приобретает различные оттенки субъективной модальности: убеждения, долженствования, предположения, сомнения и т.п. Модальные функции могут передаваться специальными средствами: фразеологизированными местоименными конструкциями, неместоименными вопросительными предложениями с модальными частицами и вводно-модальными словами.

Таким образом, в монологической речи, помимо первичной собственно коммуникативной функции, направленной на поиск неизвестного, вопросительные предложения реализуют вторичные функции, экспрессивную и модальную, которые возникают в процессе речи вследствие нейтрализации и транспозиции собственно вопросительного значения, что указывает на производный характер названных функций.

#### Литература:

1. Осоловская А.Д. Структура простого пред-

ложения с местоименными словами в современном русском языке. – Учен. записки / Ульяновский пединститут, 1959. – Т.12, вып. 2. – С. 299-338.

2. Галкина-Федорук Е.М. Об экспрессивности и эмоциональности в языке: Сб. статей по языкознанию. – М., 1959. – С. 103-124.
3. Акимова Г.Н. Новое в синтаксисе современного русского языка. – М., 1990.
4. Мартине А. Основы общей лингвистики. – В кн.: Новое в лингвистике. Вып.3. – М., 1963. – С. 366-558.
5. Виноградов В.В. О категории модальности и модальных словах в русском языке. – В кн.: труды института АН СССР. – М., 1950. – Вып. II. – С. 38-50.
6. Востоков В.В. Об экспрессивных, эмоциональных и субъективно-модальных значениях в предложении. – В сб.: Проблемы лексикологии и семасиологии русского языка. – М., 1977. – Вып. 9. – С. 160-166.

\*\*\*

Мақалада монологтық мәтіндергі сұраулы сойлемдердің коммуникативтік қызметі қарастырылады.

\*\*\*

The article is devoted to the communicative functions of affirmative sentences in monological text.

## Түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері

Г. М. Раева

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ф.ғ.к., доцент, Алматы, Қазақстан

**Аннотация.** Бұл мақалада автор қазіргі түркі тілдеріндегі сөз ортасында үяң з дауыссызының қолдану ерекшелігін салыстыра қарастырып, олардың бір қатары түркі тілдеріндегі этимологиялық д-ға сәйкес келетіндігін анықтайды. Профессор Б.Сағындықұлының «дз аффрикаты бұл – қатаң тс (ц) аффрикатының үяң варианты» деген қағидасын негізге ала отырып, қазіргі үяң з дыбысының түпкі тегін тс (ц) – дз – д – з – й бағытында қалпына келтіруге тырысады.

Қазіргі түркі тілдерінде үяң, з дауыссызы сөз басында, ортасында және сөз соңында қолданылады. З дыбысы жасалу тәсіліне қарай үяң, жасалу орнына қарай тіл ұшы, жасалу тәсіліне қарай жинақы жуысыңқы дауыссыз [1,27]. Сөз басында дыбысталатын з дауыссызы түркі тілдеріне енген кірме араб – парсы және орыс сөздерінде ғана кездеседі. Мысалы:

қазақ т. – зиян, зардап, зерек; тува т. – забастовка, зебра, звено, зоб; құмық т. – зайтун, залим, зар; татар т. – зар, зарар, зират; чуваш т. – завод, задача, залог; якут – замок, забастовка;

қ.қалпақ т. – зар, зийин, зыян, забой; өзбек т. – замон, зарар, зардоб; ұйғыр т. – загс, завод, семинар, зәлим, зерәк т.б. Көне түркі тілінде сөз басында з дыбысы болмаған [2,55]. Сөз ортасында з дыбысы тұрақты қолданылады: қаз., қырғ, қ.қалп., күм., ноғ., қ.балқ.т *бұзау/бузау, қызық, қазан, қазық*; тат.,башқ. т. *бозау/бызау, казык, казан шор т. пызаа, казун* «береза», як.т. *узун* «длинный», *азуг* «коренной зуб», хак. т. *азак* «нога», *азхур* «жеребец», *азуг* «медведь» т.б. З дауыссызының сөз ортасында қолданылысын салыстыра қарастырсақ, олар-

дың бірқатары түркі тілдеріндегі этимологиялық д-ға сәйкес келетіндігін аңғарамыз. Мысалы: хак.т. *азак*, шор, сағай, барабин нареч. *азак* «нога» (азак пынан ас пасты – мало он становился на ноги), сар.үйғ., башқ.т. *азак* – саян наречиесінде *адак/1-1, 658/*, тув., қарағ., ойр., қырғ.т. *адак*, көне түркі жазба ескерткіштерінде *адак/ адаг*, осман түріктерінде *ад/адак/ азак/ аіак* [3,474] (салыст. түркм.т. аяк, күм.т. аяк, тат., башқ.т. аяк, қаз.т. аяк); қойбалды, шор, сағай, наречиесінде *қузурук*, хак.т. *хузурук* «хвост»- тув.т.кудурук (салыст. күм., чағ., өзб., өз., қырғ., алт.т. *қуурук*, қаз.т. *құйрық*). З қараханид – үйғыр текстерінде де (X-XV) кездеседі: *azag* «нога», *kuzāc* «сосуд, кувшин», *kozun* «отец жены», *kozgi* «короткий», *gozu* «вниз, внизу» [4,291]. Тілдік деректердегі д~з сәйкестіктерінің орын алуы бұл дыбыстардың көне дз аффрикаты құрамынан жіктеліп шыққандығының айғағы болмақ. «Дз аффрикаты бұл – қатаң тс (ц) аффрикатының үяң варианты. Түркі тілдерінен сары үйғыр, салар тілдерінде ғана кездеседі. Мысалы, сары үйғыр: *дзи* (же), *дзеп* (жіп), *дзепзе* (айыр), *дзигек* (түйін), *дзора* (монастырьдың ауласы), салар: *дзимде* (шырылда) т.б. Монғол тілінде *дзураг* (сурет), *дзағал* (жағал), *дзун* (жаз), *дзайсан* (жайсан), *дзарц* (жалшы), *дзарлиг* (жарлық), *дзурх* (жүрек), *дзүү* (жүз), *дзүл* (шырақ), *дзеб* (жебе)» [5,19]. Көне дз аффрикаты қазіргі түркі тілдерінің сөз басында кездеспесе де, сөз ортасында жүйелі қолданылған. Көнетүркі жазба ескерткішінде: «Өкүз *адзақты* болғынша бұзағу башы болса иег» мысалындағы *адзақ* сөзі (өгіз аяғы болғанша бұзаудың басы болған жақсы) *дз* аффрикаты арқылы жазылған. Йүсүп Баласағунидің «Құтадғу билиг» атты дастанында *дз* аффрикаты мынадай сөздерде сақталған: **Бод** 'з 'ун. Халық, ел. Елин етти түзди байуды бод 'з 'ун. ҚБ 44 (Елін нығайтты, жолға салды, халқы байыды). Бодун барча бузулур болур елка йут ҚБ 68 (Халықтың барлығы бұзылғанда мемлекет жұтқа ұшырайды [6, 102б.,108б.,]. Ноғай тілінің қара ноғай тіліндегі *кьодалак/ кьозалак* нұсқасының кездесуін С.Калмыкова тек осы говорға тән ерекшелік деп анықтаған. Ноғай әдеби тілі, сондай –ақ басқа диалектілерде бұндай өзгерістер орын алмаған [7,115].

Дз аффрикаты көне түркі тайпалар тілінде қолданылған. Бұл жөнінде ғұлама ғалым М. Қашқари мынадай қорытынды пікір айтқан: «Яғма ,тухсу, қыпшақ, ябаку, татар, қайжумул және оғыздар барлық кезде з әрпін *й* әрпіне

ауыстырады және еш уақытта *дз* әрпін қолданбайды. Сондықтан басқалар *қайың* ағашын *қадзың* десе , бұл тайпалар *қайың* дейді. Басқа тайпаларда *қайнын* - *қадзын* десе, бұлар *қайын* дейді. Чігіл және басқа түркі тайпаларының тілінде *дз* әрпімен айтылған сөздер қыпшақ, ямак, сувар, бұлғарлардан бастап Орыстар мен Румға дейінгі басқа тайпалар тілінде *з* әрпімен алмастырып айтады. Мысалы, түріктер аяқты *адзақ* десе, олар *азақ* дейді. Чігіл түріктері *қарын тозды* – *қарын тойды* десе, олар *қарын тозды* дейді. Басқа атаулар мен етістіктер де осылай. Қорытып айтқанда , Чігілдерде *дз* әрпімен айтылатын сөздер яғмо, тухси, оғыз және Чынға дейін созылған жерлерде тұрақтаушы арғуларда *й* әрпімен алмастырылады. Румға дейінгі қыпшақ және басқа да тайпаларда *з* әрпімен алмастырылады» [8,100]. Демек, түркі тілдерінің көне дәуірлерінде болған *дз* аффрикаты уақыт өте келе, тілді үнемдеу заңдылығы, қатаң дыбыстардың үяңдану үрдісі негізінде кейінірек аффрикат дыбыстардан жіктелген. Бірқатар түркі тілдері *з* дыбысын қабылдаса, енді бірқатары *д* дауыссызын иемденген. Бұған тіл деректері айғақ болады. Башқұрт тілі *з* дауыссыз дыбысын сөз ортасында біршама тұрақты қолданатын тілдердің қатарына жатады. Сондықтан, басқа түркі тілдерімен салыстырғанда сөз ортасында *з* дауыссызын қолдану башқұрт тілі мен диалектілеріне тән көне белгі, дыбыстық ерекшелік.

Татар және башқұрт тілдік деректерін салыстыру *д~з* сәйкестігінің қосымшаларда да көрніс беретіндігін байқатады. Мысалы, башқұрт тілінде *бар -за* «есть ведь» - татар тілінде *бар - да*; *карза* «в снегу» - татар тілінде – *карда*, *тауза* «в горе» - татар тілінде *тауда*; *айза* «в месяце» - татар тілінде *айда*. Башқұрт тілінің арғаяш говорында *бас – база* «шағает», *бос – боза* «прячется», *кис – кизэ* «режет», дем говорында *калаза* - әдеби тілде *калада* «в городе», *баразыр* - әдеби тілде *баралыр* «он наверное пойдет», *бармазы* - әдеби тілде *бармады* «не пошел». Сондай –ақ *азым* «шаг», өзге түркі тілдерінде *адым*. Бұл заңдылыққа башқұрт тіліне енген кірме сөздер де бағынған. Мысалы, *әзәм* «человек», *бизрә* «ведро», *иәзрә* «ядро», *файза* «польза» [9,249-253].

Дз аффрикаты Қарахан дәуірінде жазылған мұра «Диуани луғат ит - турк» шығармасында жиі қолданылған. Мысалы:

Аушы неше ал білсе, *адзық* анша йол білір (Аушы қанша айла білсе, аяқ сонша жол білер).

Бұл ол ерен бойнын қадзырған (Бұл ерлердің мойнын қайыратын адам). Сондай-ақ адзырш (айырық), едзгү (ізгі), ұдзытқан (ұйықтататын), ұдзытты (ұйытты), күдзырған (құйысқан), қадзырған (қайыратын), тодзырған (тойдыратын), күдзүрүк (құйрық), тыдзығ (тыйым), қадзгү (қайғы), бүдзын (халық) сөздері дз аффрикатымен қолданылса, з нұсқасын сақтаған үлгілер де бар: Күмүш кунгә урса, Алтун **азақын** келуір. (Күміс күнге қонса, Алтын (өз) аяғымен келер.). Алым кеч қалса, **азақланур**. (Қарыз кешіксе, қадам бітер.). «Қадаш» теміш қаймадуқ, «**Қазын**» теміш қаймыш. («Туғанның» дегенге қарамадық, «Құда» дегенде жалт қарадық) [8,42-43]. Бұл мәтелдердегі з мен айтылатын сөздер қазіргі түркі тілдерінде *адак/адақ/атах*, *құда* нұсқасында дыбысталаталады. Бір тілде д – мен де, з – мен де айтылатын түбір сөздердің жарыспалы қолданыста болуы з дауыссызының көне дз аффрикатының құрамында болғандығының тағы бір белгісі. Әсіресе, түркі тілдерінің шығыс тайпалары тілінде бұл заңдылық өте жақсы сақталып қалған. Тіл деректеріне жүгінсек, төмендегідей сөздердің екі тұлғада да, д- мен де, з – мен де айтылатын нұсқаларын кездестіреміз. Мысалы, ұйғыр наречіесінде *адыр / азыр* (ајыр/аір) «разделять». Сагай, шор, койбалды наречіесінде *азыр/адыр/* (аір) «щель, вилообразный». Осман түріктерінде *ад/адак/ азақ/* (аіак) «нога». Барабин наречіесінде *адаш/ азаиш* «заблудиться». Қырым наречіесінде *азаиш* «заблудиться». Сагай наречіесінде *аздаһа/ аждаһа* «дракон». Ұйғыр наречіесінде *кадык* «береза», *казын су* «березовый сок». Шор, лебеді, сагай, койбалды наречіесінде *казык* «береза» [3]. Дз дауыссыздар сәйкестігі сагай, шор, качинск, белтерек, койбалды, камасин, кызыл, кюэрик тілдерінде кездеседі [3,142]. Ғалым Ғ. Мұсабаевтың мынадай пікірі көңіл аударарлық: «Алтай халықтарының тіл көнелігін сақтауындағы тарихи шындық - әр түрлі этнонимдерден құрылғандығында деп қорыту керек сияқты. Олар сан қилы тайпалардан құрылғандықтан бір мың жылдам астам уақыт өтсе де, тайпалық тіл ерекшеліктерін жоюға қажетті жағдай болмаған. Көптеген туыстас (түркі) елдер Алтай, Саян тауларын ата мекен еткен. Найман, керейлер де, дулат пен алшын да, ұйғыр мен түргештер де бұған соқпай қойған емес. Бірақ мұның бәрі кезінде жазылып, тарих бетінен орын алып отырған жоқ –ты. Әйткенмен де даусыз мәселе – шығыс түркі халықтарының мекені, қара шаңырағы Алтайда болған. Бұл

турасында егжейлі – тегжейлі болмаса да, түркілердің көне мекені Алтай деп, түркологтар ғана емес, бүкіл шығыстану ғылымымен шұғылданған ғалымдардың бәрі мойындаған. Ал осы күнгі алтай халықтары – бұрынғы кезде әр дәуірде Алтайды мекен еткен көп халықтардың әрқайсысынан қалған қалдықтар» [10,10]. Демек алтай тілдеріндегі д~з сәйкестігінің сақталуы қазіргі түркі тілдері үшін көне тілдік белгі деп қарастыруға тұрарлық, түркі тілдерінің тарихында болған дыбыстық өзгеріс.

Шығыс түркі тілдерінде ежелгі дз аффрикатының жалаңдануы нәтижесінде орныққан сөз ортасында бірде д – мен, енді бірде з – мен дыбысталатын екі нұсқасы да сақталса, өзге түркі тілдерінде бұл дыбыстық қатардың не з варианты, не д варианты қалыптасқан. Мысалы: сагай наречіесінде *азық/ адық/ айу* «медведь», ұйғыр наречіесінде *адық/адыг/ азыг/ ајыг/ ају/ ајы* «медведь», сөзі тува тілінде *адыг* түрінде д – мен сақталса, М.Қашқари сөздігінде : Аучы нечә ал білсә, *Азыг* анча йол білір (Аңшы қанша айла білсе, Аю сонша жол білер.) [8,35], яғни з – нұсқасын қабылдаған. Сондай – ақ, шығыс түркі тілдеріндегі мысалы, алтын ерканга *ок казалып* партыр – стрела полетела, и воткнулась в золотой косяк двери. Ол ок парып *каја казалды* – стрела полетела и воткнулась в скалу (саг.) сөйлемдеріндегі «уколоться», «быть воткнутым» мәніндегі *каза* (сагай, шор, койбалды нареч.) етістігі [3] башқұрт т. *казау*, татар т. *кадарга*, қазақ т. *қадалу*, құмық т. *кадаһмак*, ұйғыр т. *қадалмақ*, өзбек т. *кадилмоқ*, тува т. *кадал* дыбыстық нұсқасында, яғни д – мен айтылады. Телеуіт, лебеді, қырғыз, қара қырғыз наречіелерінде де *кадал* сөзі жоғарғыдай мағынада жұмсалады. Енді бірқатар сөздер, мысалы, шор, сагай наречіесінде *казын* «родство по мужу и жене», *казын аба* «свекорь», *казын ана* «теща», ұйғыр наречіесінде *казын/ кайн* «тесть» з – мен айтылса, телеуіт және тува тілдерінде *кадун* д- мен дыбысталады. Дәл осындай тілдік деректер түркі тілдерінің шығысында жиі және тұрақты кездеседі: ұйғыр наречіесінде *адыр / азыр* (ајыр/аір) «отделять, разлучать, разделять» сөзінің сары ұйғыр т. *азыр*, тува т. *адыр* нұсқалары сақталған. XIV ғ. татар әдеби тілінің үлгісі «Нәхжел фәрадисте» *адыру* нұсқасы қолданылған: «баланы кәттән адыру» (отделить ребенка от молока) [11,47]. Ал хакас т., шор т. *азыр* «вилы», якут т. *адаар* «торчат в разные стороны», түркімен т. *адыр* «холмы» сөздерінде де д~з дыбыстар сәйкестігі көрніс тап-

қан. Демек, жоғарыдағы сөздердегі *д* және *з* дыбыстары жарысып қолданылатын сөз нұсқаларын көне заманғы тілдік норма, *дз* аффрикатының екі жапсары деп анықтаған дұрыс.

Тіл деректері *д~з* дыбыстық сәйкестіктерін *й* – мен алмасқандығын байқатады. «... *д* дыбысы жарты дауысты *й* – ға бірден ауыса қоймайтын сияқты, бұл екеуі алмасып айтыла келе, *о* бастағы алғашқы басқыш аффрикат *дз* болмаса, *зд* болып, одан кейін *д* дыбысына айналады. Сөйтіп *й* дыбысына алмасу үшін интервокал *д* болуы міндетті емес. Әуелде аффрикат *дз* болмаса *зд* болуы қажет. Айталық екі *а* дыбысының арасында (интервокал) тұрған *д* дыбысы барлық жағдайда *й* дыбысына айналады десек, жаңсақ болар еді.

Өйткені, *ада, адарғы, адас, адасу* дегендердегі *д* сөздің алғашқы буынында екі *а* дыбысының арасында тұрып – ақ ешбір өзгерісті қажет етпейді. Ендеше *д* дыбысы *й* – ға айналуы үшін бір фактор әсер еткен деп, оны аударып қарап, ақтара тексерсек, *й* – ге айналатын дыбыс *о* баста аффрикат *дз* немесе *дж* болуы қажет екен. Ондай дыбыс болмаса дара *д* дыбысы *й* дыбысына айналмайды. Негізгі заңдылық - осы» [10,16]. Интервокал *д* дыбысының *й* – ға айналуына әсер еткен *дж* емес *дз* аффрикаты екендігіне тіл деректері дәлел болады. Қазіргі тілдерде бұл өте сирек кездескенмен көне тілдік белгі ретінде бірқатар түркі тілдерінде сақталып қалған. Көне түркі тайпаларында «береза» мәні *кадзын* нұсқасында сақталса, бұл сөздің ұйғыр наречесінде *кадык* «береза», *казын су* «березовый сок», *д* – мен айтылатын нұсқасы, ал шор, лебеді, сагай, койбалды наречесінде *казык* «береза» *з* мен дыбысталатын нұсқасы сақталған. Бұл сөз қазақ т. *қайың*, башқұрт т., гагауз т. *кайын*, құмық т. *кьайын агьач*.

Ғалым Ф. Мұсабаев монғол тіліндегі *қадан, қадан- ата* сөздеріндегі *д* – дыбысын көне заманғы норма, тіл қалдығы деп есептейді. Бұл сөз қазақ тілінде *қайын, қайын ата*, тува т., телеуіт т. *кадун*, шор, сагай, койбалды, качин т. *казун*, құмық, қараим, қырғыз, алтай т. *қайын*, гагауз т. *кайын*, құмық т. *кьайын* түрінде дыбысталады, сондай -ақ осм.т. *куйрук* қаз.т. *құйрық* атауы койбалды, шор, сагай, наречесінде *кузурук*, хак.т. *хузурук* «хвост», тув.т. *қудурук* нұсқасында қолданылады. Татар тілінің маманы Л.З. Залялетдинов қазіргі татар тіліндегі *айырылыу* сөзінің көне түркілік *адырылу* «отделяться» сөзінен туындағанын дәйектей отырып, бұл сөздің кейінгі татар тіліндегі

*азгын* «блудный» сөзімен түбірлес, бір негізді бола алатындығын зерделеген (*азгын сыер* «блудная корова, т.е. корова которая не подчиняется стадному режиму, *азгын кеше* «человек блудный, распутный, т.е. не подчиняющийся семейному режиму», *азып - тузып йөрү* «вести распутный образ жизни»). Дәл осы *д~з~й* сәйкестігі арқылы ғалым татар тіліндегі *аз* «мало» сөзі мен «отдельный, обособленный» мәнінде де жұмсалатын *айырым* сөзін бір мағыналық ұяға енгізеді. Мысалы, *айырым хужалық* «жеке шаруашылық», яғни, көп емес жеке, ұжымнан тыс, сол себепті «аз» деген мәнді де иемденген [11,47]. *Аз - ай* (азырым - айырым) түбірлерінің дамуына бастау болған тілшінің пікірінше, көне түркілік *адырылу* «отделяться» сөзі. Ғалым пікірінің лингвистикалық тұрғыдан дәйекті, дәлелді екендігі анық. *Адырылу/айырылу* сөздерінің ұйғыр наречесінде *адыр/азыр/ажыр/айр* («разделять») нұсқаларының сақталғандығын ескерсек, түбір сөздің алғашқы буынындағы *й* дыбысының көне түркілік *д* –ға сәйкес келетіндігін аңғару қиын емес. Бұл *дз* аффрикатының екі жапсары *д* және *з* дыбыстарының одан әрі дамуы.

Ежелгі дәуірдегі *дз* аффрикатынан жіктеліп түркі тілдерінде сөз ортасында *дз~д*, *дз~з*, *д~й*, *з~й* сәйкестіктерін туындатқан сөз варианттары қазіргі түркі тілдерінде осы дыбыстық өзгерістердің бірін сақтай отырып тұрақталған. Мысалы:

Соі наречесінде *кадыр* «вывернуть», сагай, шор, койбалды наречесінде *казыр* «загнуть, в виде кручка», *казра букту* «он загнул» - қазақ, қырғыз, ұйғыр, қараим т. *қайыр*;

осман түріктері наречесінде *Хызыр /Қыдыр* «имя пророка», қырым татарларында *Хидір* - қазақ тілінде *Қыдыр ата /Қызыр ата*

ДТС *сыдыр*, хакас т. *сызыр* «соскабливать, выскревать, шор, сагатай наречесінде *сыйыр* «сдирать, сечь розгами», түр., гаг., азерб., қырғ., қазақ т. *сыдыр*.

сар.ұйғ.т. *азыр* «отделять, разлучать», азырыл «отделяться, разлучаться»,

сагай наречесінде *азырыл* «отделяться», шор наречесінде *азыр / адыр/ айр* «расходиться, раздвоиться, разделяться», алтай, телеуіт, кара қырғыз наречесінде *айрыл* «разделяться»- көпшілік түркі тілдерінде *айыр, айырыл*;

сар.ұйғ.т. *азгыр* «жеребец» - қаз., қырғ., қ.қалп. т. *айгыр*.

Ерте дәуірде *адзақ* түрінде дыбысталған сөздің хак.т. *азак*, шор, сагай, барабин нареч.

сар.үйғ., башқ.т. *азак* «нога», саян наречисінде *адак*, тув., карағ., ойр., қырғ.т. *адак*, көне түркі жазба ескерткіштерінде *адак/ адаг*, осман түріктерінде *ад/адак/ азак/ аіак* сөздерінің түркм.т. *айак*, құм.т. *аякъ*, тат., башқ.т. *аяк*, қаз.т. *аяқ* нұсқасында сақталуы дз аффрикатының д және з дыбыстарына әлі де болса ажырап болмағандығын байқатады. Керек десеніз, қазақ тілінің өзінде *айақ* (аяқ) деудің орнына *адак*, *адағында* (аяғында), *адақталды* (аяқталды) деп қолданылатыны бар. Сондай – ақ, ойрот, қырғыз, қазақ тілдерінде **адак** болып сақталуы, алғашқы тілде жиірек, соңғы екі тілде айтылуы сирек болса да, азербайжан, түрікмен, осман (Түркиядағы түріктер) тілдерінде сақталмауы дз аффрикаты түрік халықтарының шығысында болғанына дәлел болса керек. Дз аффрикаты құрамынан екі дыбысқа ажырап, әрқайсысы жеке дауыссыз дыбысқа айналған з және д дауыссыздарын салыстыра отырып, олардың даму жолдарын былайша сипаттауға болады: дз **аффрикаты** бұл – қатаң **тс (ц)** аффрикатының ұяң варианты; дз аффрикаты түркі тілдерінің өте ерте кезеңдерінде қолданылған; дз аффрикатының құрамы д және з дыбыстарына ажыратылған, бұл өз алдына д~з сәйкестіктері негізінде бір тілде жарыспалы қолданылатын түбір сөздердің шығуына әсер еткен; бірқатар түркі тілдері көне дз аффрикатының **д –мен** айтылатын нұсқасын сақтап қалған; бірқатар түркі тілдері көне дз аффрикатының **з –мен** айтылатын нұсқасын сақтап қалған; дз аффрикатының одан әрі дамуы нәтижесінде **д~й** сәйкестігі қалыптасқан. Демек сөз ортасында д және й дыбыстарын қатар қолданатын тілдер тобы да бар.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. – Астана, 2002.
2. Ряссянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 1955.
3. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий (в IV томах). – М., 1963.
4. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М., 1984.
5. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикологиясы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994.
6. Кулжанова Б.Р. XI-XII ғасырлардағы түркі әдеби ескерткіштері тіліндегі зат есімдер («Құтадғу билиг» пен «Һибат-ул хақайиқ» лексикасы материалдары бойынша) Фил. ғыл. канд. ғылыми дәэежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007.
7. Калмыкова С. О состоянии изучения диалектов ногайского языка // Вопросы диалектологии тюркских языков. – Фрунзе, 1968.
8. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 1993.
9. Дмитриев Н.К. Согласные с и з в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. – М., 1955.
10. Мұсабаев Ф. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы, 1988.
11. Залялетдинов Л.З. Опорный диалект в образовании татарского языка // Вопросы диалектологии тюркских языков. – Баку, 1958.

\*\*\*

В данной статье путем сравнительного анализа определяется, что звонкий звук з в тюркских языках соответствует этимологическому звуку д. Придерживаясь теории профессора Б.Сағындықұлы о том, что «аффрикат дз это – мягкий вариант твердого тс (ц)», автор пытается восстановить архетип звонкого согласного з в тюркских языках в следующей последовательности: тс (ц) – дз – д – з – й.

\*\*\*

In given article the author by the comparative analysis defines that the sonorous sound з in Turkic languages corresponds to an etymological sound д. Adhering to the theory of the professor of B.Sagyndykuly, that «affricates дз is a soft variant of the firm hardware» tries to restore an archetype sonorous concordant з in Turkic languages in the following sequence: the hardware (– дз – д – з – й

Archetype of the voiced vowels of Turkish language was given in this report.